

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Басқармасы Блогының жұмыс істеу қағидалары

1. Электрондық өтініш жасаған кезде Өтініш беруші тегін, атын, әкесінің атын, байланыс телефонын көрсетуі, сондай-ақ мәселенің мәнін баяндауы қажет. Байланыс телефоны тек кері байланыс үшін пайдаланылады және сайтта жарияланбайды.
2. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2018 ж.26.12 №202-VI Заңға сәйкес мәселелер күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қаралады. Сурақ жауабымен қоса Басқарма Блоганда жарияланатын болады. Өтініш нақты және жедел қаралуы үшін «Сұрақ қою» нысанының барлық жолдарын шынайы ақпаратпен толтыру қажет.
3. Өтініш берушінің өтінішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ құзыретіне кірмейтін мәселелерге жол берілмейді.
4. Егер Сіздің хабарламаңыз: - мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қамтыса; - үшінші тұлғалардың жеке деректерін олардың келісімінсіз тарататын болса; - талқылаудың басқа қатысушыларының, нақты тұлғалардың немесе ұйымдардың атына қорлау, қорқыту бар болса; - коммерциялық мақсаттарды көздейтін, спам, жарнамалық ақпаратты қамтитын болса; - дөрекі лексикасы бар болса, жарияланбайтынын Сіз білуіңіз қажет.